Әділет

# Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 29 қазан N 348-II

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат):

актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

кіріспе алып тасталсын;

бүкіл мәтін бойынша "Жарлыққа", "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықта" деген сөздер тиісінше "Заңға", "Заң", "Заңның", "Заңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-бапта:

тақырыбы "мемлекеттік тіркеу" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексеруді, оларға тіркеу нөмірін бере отырып есептік тіркеу туралы куәлік берілуін, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді филиалдар мен өкілдіктер тізіліміне енгізуді қамтиды.";

2-бапта:

тақырыбы "мемлекеттік тіркеудің" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу:";

үшінші абзацтағы "және олардың жарғылық құжаттарының республика заңдарына сәйкестігін" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші абзацтағы "мүдделі адамдарға уағдаластық шарттар бойынша" деген сөздер

"монополияға қарсы орган белгілеген тарифтер бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баптың тақырыбы "заңды тұлғалар" деген сөздерден кейін ", филиалдар мен өкілдіктер" деген сөздермен толықтырылсын;

4-бап "мемлекеттік тіркеуді" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

5-бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Заңға сәйкес заңды тұлғаларды тіркеуді;";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"заңдарда белгіленген тәртіппен Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізуді;";

төртінші абзацтағы "заңды тұлғаларды және" деген сөздер алып тасталсын;

6-бапта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.";

жетінші бөлік алып тасталсын;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, қосымша:

құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңдастырылған көшірме немесе басқа да заңдастырылған құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса;

құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.";

тоғызыншы бөліктегі "арнаулы заң актілерінде" деген сөздер "Қоғамдық бірлестіктер туралы" , "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші бөліктегі "Осы Жарлықта" деген сөздер "Осы Заңда және өзге де заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Филиал мен өкілдікті есептік тіркеу тәртібі

Филиал мен өкілдікті есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі.

Өтінішке филиалды немесе өкілдікті құрушы заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды.

Өтінішке заңды тұлғаның филиал (өкілдік) құру туралы заңды тұлғаның мөрі басылған шешімі, заңды тұлға бекіткен мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған филиал (өкілдік) туралы ереженің екі данасы, заңды тұлға жарғысының (ережесінің) және оны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері, филиалдың (өкілдіктің) басшысына берілген заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) сенімхаты, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін және филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Филиал (өкілдік) құрушы шетелдік заңды тұлғаның құжаттары мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариаттық расталған аудармамен ұсынылады.

Тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу күнінен бастап он күн ішінде жүргізілген тіркеу туралы филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері бойынша салық органына хабарлайды.";

8-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Филиал (өкілдік) туралы ережеде филиалдың (өкілдіктің) атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы, басқару тәртібі және басшысының құзыреті, сондай-ақ филиалды (өкілдікті) құрушы заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы, оны тіркеу туралы деректер қамтылуға тиіс.";

11-бапта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға филиалды (өкілдікті) құрудың заңдарда белгіленген тәртібі бұзылған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жол беріледі.";

екінші бөлік "Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден" деген сөздерден кейін ", филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден" деген сөздермен толықтырылсын;

12-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік";

бірінші бөлікте:

"заңдарына" деген сөздің қазақша нұсқасы өзгеріссіз қалады;

"мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" деген сөздерден кейінгі "береді" деген сөз алып тасталып, ", қайта тіркеуден өткен заңды тұлғаға - қайта тіркеу туралы куәлік береді.

Филиалдар мен өкілдіктерге - есептік тіркеу туралы куәлік, олар қайта тіркеуден өткен жағдайда есептік қайта тіркеу туралы куәлік береді." деген сөздермен толықтырылсын;

14-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Заңды тұлғаны, филиал мен өкілдікті қайта тіркеу";

екінші бөлік "құрылтай құжаттарына" деген сөздердің алдынан "заңды тұлғаның мөрі басылған" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаға қатысушылар (жабық акционерлік қоғамның акционерлері) құрамына жаңа қатысушы-заңды тұлға кірген жағдайда, тіркеуші органға құрылтай құжаттармен бірге жаңа қатысушының-заңды тұлғаның салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің бар немесе жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар субъектілерін қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.";

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Филиалдар мен өкілдіктер атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеуге жатады.";

15-бапта:

тақырыбындағы "Мемлекеттік тіркеу" деген сөздер "Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу және филиал мен өкілдікті есептік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"7 күн" деген сөздер "үш жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік тіркеу" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу" деген сөздермен толықтырылсын;

16-бапта:

екінші бөлікте:

"Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің қызметін тоқтатуды тіркеуді монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған заңды тұлғаны тіркеу осы Заңның 6-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

жетінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық

комиссиясының" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдігін есептік тіркеуден шығару

Филиал (өкілдік) филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлға шешімі, есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және филиал (өкілдік) туралы ереженің түпнұсқалары, заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені үшін алым төлегенін растайтын квитанция немесе құжат негізінде есептен шығарылуға жатады.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығару үшін осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардан басқа, филиал (өкілдік) орналасқан жер бойынша салық органының салық органдарындағы есептік тіркеуден шығарылғаны туралы анықтамасы талап етіледі.";

18-бапта:

екінші бөліктегі "қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "заңдарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "заңды тұлғаны тіркеуден" деген сөздерден кейін "және филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

14-баптың 1-тармағындағы "сәттен бастап он күн мерзімнен кешіктірілмей" деген сөздер "күннен бастап бес жұмыс күні ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-бап "тіркеу" деген сөздің алдынан "өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

21-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқықтық кадастрдың мемлекеттік құпияға, коммерциялық құпияға және Қазақстан Республикасының заң актілерімен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерінен басқа мәліметтері, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады және мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі.";

2-тармақтағы "10 күннен" деген сөздер "бастап бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК